

**Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-14 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Червонный ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 70-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 6787 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Червонный ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-14 шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5900 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Червонный ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 213 648,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 5 250 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 208 398,4 мың теңге;

2) шығындар – 213 648,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
сессиясының төрағасы

*И.Шаймерденов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының хатшысы

*Е.Адилбексов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 8 желтоқсаны  
№ 70-6 шешіміне  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мүсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 56-14 шешіміне  
1-қосымша

## 2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Червоный ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і Сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	213 648,4
1			Салықтық түсімдер	5 250
	01		Табыс салығы	1 000
		2	Жеке табыс салығы	1 000
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 250
		1	Мүлікке салынатын салықтар	50
		3	Жер салығы	260
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 940
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

4			Трансферттердің түсімдері	208 398,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	208 398,1
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	208 398,1
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	213 648,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 3 288
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 3 288
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 3 070,3
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	217,7
12			Көлік және коммуникация	200 360,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	200 360,4
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 2 600
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	1 2 800
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9 0 344,9
		014	Елді мекендерді сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру	8 4 115,5
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімдері	0

		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК